

## Саяқ және Гүлшат кенттеріндегі бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 34/268 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қаңтарда № 2929 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2022 жылғы 15 наурыздағы № 11/90 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 15.03.2022 № 11/90 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Саяқ және Гүлшат кенттерінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Б. Сейсембеков

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Қ. Рахимберлина

## Саяқ және Гүлшат кенттерінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Саяқ және Гүлшат кенттеріндегі бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын

бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Саяқ және Гүлшат кенттерінің көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Саяқ және Гүлшат кенттердің (әрі қарай – кенттер) аумағындағы көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды кенттердің әкімдері шақырады.

Балқаш қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді кенттердің әкімдері ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды кенттер әкімі немесе олар уәкілеттік берген тұлғалар ашады

Кенттер әкімдері немесе олар уәкілеттік берген тұлғалар бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Бөлек жиынның қатысушылары жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын он тұрғындардан бір адам сандық құрамында ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны кенттер әкімдерінің аппараттарына береді.

